ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 қаңтар №4712-24-00-2/5208 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Шарипкожа» атында әрекет етуші Шарипкожа Ринат Айдынұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Шарипкожа» атында әрекет етуші Шарипкожа Ринат Айдынұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Абдуллаева» атында әрекет етуші «Шарипкожа» атында әрекет етуші Шарипкожа Ринат Айдынұлынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Бекболатов А. Т., 05.03.2025

4712-24-3-1/4800